

**"Сәтбаев қаласының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарына әлеуметтік көмек түрлерін анықтау туралы" Сәтбаев қалалық мәслихатының 2008 жылғы 31 қазандағы XIII сессиясының N 150 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы мәслихатының XXIX сессиясының 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 364 шешімі. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 қазанда N 8-6-108 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 222 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 31.03.2014 № 222 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңына сәйкес қалалық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. "Сәтбаев қаласының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарына әлеуметтік көмек түрлерін анықтау туралы" Сәтбаев қалалық мәслихатының 2008 жылғы 31 қазандағы XIII сессиясының N 150 шешіміне (Қарағанды облысы Әділет департаментінің Сәтбаев қаласы Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 қарашада 8-6-70 нөмірімен тіркелген және "Шарайна" газетінің 2008 жылғы 19 қарашадағы 108 (1666) нөмірінде ресми жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

1 ) т а р м а қ ш а д а ғ ы :

екінші абзац мына редакцияда мазмұндалсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген, мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-8-баптарымен белгіленген адамдарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы

қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылдың 22 маусымынан бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі кезеңде тылда жұмыс істеген еңбек өтілі кемінде алты ай болып белгіленген адамдарға;"

үшінші абзац мына редакцияда мазмұндалсын:

"зейнетақы мөлшері тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген күнкөріс мөлшерінің 1,25 коэффициентінен аспайтын жасына байланысты және қызмет өткерген жылдарына байланысты зейнеткерлерге;"

төртінші абзац мына редакцияда мазмұндалсын:

"бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерге және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;"

б) тармақшадағы:

екінші абзац мына редакцияда мазмұндалсын:

"отбасылары дүлей апаттар, өрт, жазатайым оқиғалар, қатерлі ауру түрлері және өзге де себептер салдарынан ауыр материалдық жағдайға тап болған азаматтарға өтінімдік нысан бойынша;"

үшінші абзац мына редакцияда мазмұндалсын:

"зейнет жасына жетпеген немесе мүгедектігі жоқ қайтыс болған (жұмыс істемеген) адамды жерлеу үшін;"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрайымы Қоңырова Әлия Мешітбайқызы) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қ. Әділбаев*

*Қ а л а л ы қ*

*мәслихат хатшысы*

*С. Имамбай*